

**"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 тамыздағы N 794 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті  
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік  
бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау  
туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан  
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 448-құжат; 2002 ж.,  
N 4, 34-құжат; 2005 ж., N 23, 140-құжат; N 23, 142-құжат) өзгерістер мен толықтырулар  
е н г і з і л с і н :

1 )            1 - б а п т а :

4) тармақша "тітіркендіргіш заттарды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жарақат  
салатын патрондарды" деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) жаттығу қаруы - арнайы дайындалған немесе құрылғыларын зерделеу және  
онымен жұмыс істеу әдістеріне үйретуге арналған, ату үшін жарамсыз күйге  
келтірілген атыс қаруының үлгілері.";

2) 3-баптың 3) тармақшасындағы "қару" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып,  
мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

" 4 )            ж а т т ы ғ у            қ а р у ы . " ;

3) 5-баптың 3) тармақшасының бесінші абзацы алынып тасталсын;

4) 6-баптың бірінші бөлігі "жеке басының," деген сөздерден кейін "жеке  
күзетшілердің, жеке кәсіпкерлердің күзет бөлімшелері қызметкерлерінің," деген  
с ө з д е р м е н            т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

## " 6 - 1 - б а п .      Ж а т т ы ғ у      қ а р у ы

Жаттығу қаруы жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары оқу орындарында пайдаланылады.

Жаттығу қаруын сатып алу, сақтау, әкелу, әкету, есепке алу және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.;"

6 )                      1 2 - б а п т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) аңшылық шаруашылығы ұйымдарының.;"

10) тармақшадағы "шетелдіктердің" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) жарақат салатын және газбен әсер ететін патрондары бар қаруды қолдану саласында ғылыми медициналық зерттеулер жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалардың.;"

7 )                      1 4 - б а п т а :

тақырыбы "заңды тұлғалардың" деген сөздерден кейін "жеке күзетшілердің, күзет бөлімшелерін құрған жеке кәсіпкерлердің" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың бірінші сөйлемі "заңды тұлғалардың" деген сөздерден кейін ", жеке күзетшілердің, күзет бөлімшелерін құрған жеке кәсіпкерлердің" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың екінші сөйлеміндегі "үш жыл" деген сөздер "бес жыл" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Күзет бөлімшесін құрған жеке кәсіпкер, ұйымның басшысы (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаның) қаруды штаттық қызметкерлерге олардың өз функцияларын орындауы кезеңіне береді.;"

8 )                      1 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Белгі беретін қару, механикалық шашыратқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғылар, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-ден аспайтын және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоса алғанда, пневматикалық қарулар тіркеуге жатпайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының рұқсат алмай-ақ оларды қару беруші заңды тұлғалардан сатып алуға құқығы бар.;"

үшінші бөліктегі "аңшылық билеті" деген сөздер "аңшы куәлігі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

т ө р т і н ш і                      б ө л і к т е :

"қаруы мен аңшылық пневматикалық қаруды" деген сөздер "қаруын" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"аңшылық билеті" деген сөздер "аңшы куәлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын иемденіп алуға меншігінде кемінде үш жыл ұстаған тегіс те ұзын ұңғылы аңшылық атыс қаруы бар, белгіленген тәртіппен аң аулау құқығы берілген Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы бар.";   
мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының өзін-өзі қорғау мақсатында ішкі істер органдары беретін рұқсаттар бойынша сақтау және алып жүру құқығымен газды пистолеттер мен револьверлер, ұңғысыз атыс қаруын сатып алуға құқығы бар.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "ұзын ұңғылы атыс қаруы, аңшылық пневматикалық қару," деген сөздер "ұзын ұңғылы және ұңғысыз атыс қаруы," деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

"үш жыл" деген сөздер "бес жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;   
"револьверлерін" деген сөзден кейін ", ұңғысыз атыс қаруын" деген сөздермен   
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы "немесе нашақорлыққа" деген сөздер ", нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "револьверлерді" деген сөзден кейін ", ұңғысыз атыс қаруын" деген   
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

6-тармақтағы "наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің анықтамаларын" деген сөздер "көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты қаруды ұстауға кедергі жоқ екені туралы медициналық қорытындыны" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9) 19-баптың 5) тармақшасының екінші абзацындағы "немесе нашақорлыққа" деген сөздер ", нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 ) 2 2 - б а п т а :

2-тармақтың 4) тармақшасындағы "аңшылық билетте" деген сөздер "аңшы куәлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатумен айналысатын заңды тұлға қарудың осы түрлерін әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу, экспонаттау, әкелу және әкету, сондай-ақ оған қосалқы бөлшектерді, спорт тауарларын, аңшылық және балық аулау құралдарын, азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданатын тұрмыстық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу, әкелу, әкету және сату, сондай-ақ атыс тирлерін, стендтер мен атыс орындарын ашу және олардың жұмыс істеуі жөніндегі қызметті қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы   
ж о қ .

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарынан сатуға лицензиялары бар заңды тұлғаларға бір сауда залында спорт, аңшылық және балық аулау құралдары мен

осы қаруға қосалқы заттарды қоспағында, қару және өзге тауар түрлерін бірге сатуға  
т ы й ы м с а л ы н а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға лицензиялары бар заңды тұлғалардың оларды осы Заңның 12-бабында көрсетілген субъектілерден с а т ы п а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р . " ;

11) 23-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы Заңның 12-бабының 2)-8) тармақшаларында көрсетілген субъектілер қайта ұйымдастыру немесе тарату кезінде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын оларды иемденіп алуға лицензиялары бар субъектілерге бере алады.";

12) 24-баптың 1-тармағы "алған" деген сөзден кейін "қысқа ойық ұңғылы атқыш" деген сөздермен толықтырылсын;

1 3 ) 2 6 - б а п т а :

тақырыбы "қаруды" деген сөзден кейін "және оның патрондарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жыл мерзімге тұру үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктердің газды пистолеттерді және револьверлерді, ұңғысыз атыс қаруын өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініші бойынша жалпы негіздерде иемденіп алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктердің механикалық шашыратқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғылар , үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі 4,5 мм-ге дейінгі пневматикалық қаруды рұқсат алмай қару беруші заңды тұлғалардан сатып алуға құқығы бар.";

4-тармақтағы "қаруды" деген сөз "қаруды және оның патрондарын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5 және 7-тармақтардағы "қаруын" және "қаруды" деген сөздерден кейін "және оның патрондарын" деген сөздермен толықтырылсын;

1 4 ) 2 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету ережелерін белгілейді.";

2-тармақ "аумақтық" деген сөзден кейін "және көліктегі" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 5 ) 3 0 - б а п т а :

бірінші бөлік "қызметтік қару" деген сөздерден кейін "мен оның патрондарының" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаруды ол әзірленген, өндірілген, жөнделген, сатылған, коллекцияланған, экспонатталған, сақталған, пайдаланылған және жойылған жерде тексеру жүргізуге;"

3) тармақша "тұлғалардан" деген сөзден кейін "азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ жаттығу қаруының айналымына байланысты" деген сөздермен толықтырылсын.

**2-бап** . Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*